

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 маусымдағы N 595 Қаулысы

*Ескерту. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынсын - ҚР Үкіметінің 2007.03.13. N 188 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң                      З а ң ы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

**15 - б а п т а :**

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Жергілікті өкілді органдардың құзыреті";

**2 - т а р м а қ                      а л ы п                      т а с т а л с ы н .**

2. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" 1996 жылғы 31 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 234-құжат; 2000 ж., N 3-4, 63-құжат; 2001 ж., N 24, 338-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 13, 53-құжат):

3-баптың екінші бөлігінде "аумақтық" деген сөз алып тасталсын.

3. "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы" 1996 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 11-12, 263-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 4, 101-құжат; 2000 ж., N 6, 145-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат, 2004 ж., N 11-12, 67-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

1) 13-баптың бесінші бөлігінде екінші сөйлем алып тасталсын.

2) 32-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қоғамдық бақылауды қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары өз бастамасы, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен немесе облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен жасалған шарттар б о й ы н ш а жү з е г е а с ы р а д ы . " .

4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 15, 209-құжат; 1999 ж., N 21, 744-құжат; 2000 ж., N 5, 116-құжат; 2001 ж., N 13-14, 172-құжат; N 17-18, 241-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат):

3-баптың 3-тармағының 3) тармақшасында ", еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін" деген сөздер алып т а с т а л с ы н .

5. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат):

3 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

7) тармақшада ", сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда (селоларда), ауылдық (селолық) округтерде автомобиль жолдарының салынуын, қайта жаңартылуын, жөнделуін және күтіп-ұсталуын" деген сөздер алып тасталсын;

12-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) табысы аз адамдарды анықтау, оларды есепке алу, жалғызділікті қарттарға және еңбекке жарамсыз азаматтарға үйінде қызмет көрсету жөніндегі жұмысты ұ й ы м д а с т ы р а д ы ; "

14-1), 18), 20), 21) тармақшалар алып тасталсын;

1-1-тармақтағы ", сондай-ақ ауылдық (селолық) жерде оқушыларды мектепке дейін және кейін қарай тегін жеткізіп салуды ұйымдастыруда" деген сөздер алып тасталсын.

6. "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 18-құжат; 2004 ж., N 2, 10-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; N 17-18, 76-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

мынадай мазмұндағы 8-1-баппен толықтырылсын:

"8-1-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының халықты жұмыспен қамту саласындағы құзыреті

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретіне:

1) табысы аз адамдарды анықтау және жергілікті атқарушы органдарға оларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгізу;

2) жұмыссыздарға кәсіби бағдарлау ісінде тегін қызметтер көрсету кіреді."

7. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 247-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

5-баптың 2-тармағында "жергілікті мемлекеттік басқару органдарының," деген сөздерден кейін "жергілікті өзін-өзі басқару органдарының," деген сөздермен толықтырылсын.

8. "Әділет органдары туралы" 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 24, 154-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

18-бап мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) жергілікті қоғамдастық жарғыларын мемлекеттік тіркеу, тіркелген жергілікті қоғамдастық жарғыларының есебін жүргізу."

9. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 148-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж. N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат):

1) 10-баптың 2-тармағының 2-тармақшасы алып тасталсын;

2) 10-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"10-1-бап. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыреті

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзыретіне:

1) елді мекен жерлерінде мал жаятын орындарды айқындау;

2) елді мекен аумақтарын санитарлық тазартуды ұйымдастыру;

3) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру кіреді.";

3) 35-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) елді мекен аумақтарын санитарлық тазартуды ұйымдастыруға шығыстар."

10. "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 13, 52-құжат):

7-баптың 5-тармағының 7) және 8) тармақшалары алып тасталсын.

**2-бап.** Осы Заң, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жергілікті өзін-өзі басқару

органдары құрылуына қарай қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабының 5, 9, 10-тармақтарын қоспағанда, 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК